

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**РАД1201 ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ АДАМ ДАМУЫ**

5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі  
бакалавриат мамандығы бойынша

2 кредит

Алматы 2017

## Алғысөз

**1** Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

**2 ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:** Тилеубаева М.С., PhD доктор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ; Шерьязданова Х.К. психол.ғ.д., профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті.

**3** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.07.2016 жылғы № 425 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

**4** Типтік оқу бағдарламасы 5В011900-Шетел тілі: екі шетел тілі бакалавриат мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

**5** 2016 жылы «4» шілдеде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. № 11 Хаттама**

## **Мазмұны**

1. Түсінік хат
2. Пәннің тақырыптық жоспары
3. Пән мазмұны
4. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

## ТҮСІНІК ХАТ

Бүгінгі заман адамы тұлғасын қалыптастыру – қайсыбір мемлекеттің болмасын басты міндетінің бірі, бұның шешімінде көрнекі орын болашақ мұғалімге тиесілі. Олардың кәсіби даярлығында психологиялық білім берудің маңызы арта түседі, өйткені нағыз мұғалім, өзінің жүргізетін оқу пәнін жақсы білумен бірге, оқушының тұлғалық дамуына дамақсатты түрде ықпал ететіндей техниканы меңгеруі, адамды жан-жақты жетілдірудегі аса күрделі психологиялық заңдылықтарды терең түсінуі қажет. Демек, кәсіби бағдарланған психологиялық білімдермен дағдыларды меңгеруде, педагогикалық мамандыққа оқып жүрген барлық студенттерге міндетті болып саналатын жалпы психология курсы ықпал етуі керек.

«Психология және адам дамуы» курсы шетел тілдері мұғалімін кәсіби-педагогикалық даярлау жүйесінде қарастырылады Типтік оқу бағдарламасы 5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі бакалавриат мамандығы бойынша ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген

**Пәннің мақсаты** – болашақ шетел тілдері мұғалімдерінің психикалық ақиқатқа нақты талдау беруіне және теориялық білімді практикалық кәсіби педагогикалық іс-әрекетте пайдалана білуіне мүмкіндік беретін психологиялық білім жүйесін қалыптастыру.

### **Курстың міндеттері:**

- оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуге тікелей немесе жанама қатысы бар және педагогикалық іс-әрекетке қажетті психологиялық зерттеу әдістері бар, бір жүйеге келтірілген психология ғылымының жалпы ұғымдарын студенттерге меңгерту;
- педагогикалық іс-әрекетке қажетті ғылым ретінде психологияның әдіснамасымен және әдістерімен таныстыру;
- оқушылармен оқу-тәрбие жұмысында және күнделікті өмірдегі маңызды жағдайларда өзін-өзі дамыту мен кәсіби деңгейін көтеру мақсатында практикалық бағдарлық психологиялық біліктілігін қалыптастыру;
- барлық психикалық құбылыстар мен психология ғылымының заңдарының өзара байланысы мен диалектикалық бірлігі туралы ғылымға негізделген көзқарасты қалыптастыру;
- студенттердің адамның әртүрлі жас кезеңдерінде қалыптасатын ас маңызды психологиялық заңдылықтары туралы білімін жүйелеу;
- адам және ұжымға сауатты сипаттама беру мақсатында студенттерге адам және ұжымның психологиялық ерекшеліктерінің ғылыми зерттеу әдісін үйрету;
- оқушылармен бірге оқу-тәрбие жұмысында кәсіби іскерлік пен тұлғалық өзін-өзі дамытуда қажет жас ерекшелік және педагогикалық психологияның маңызды аспектілерінде алынған білім негізінде практикалық кәсіби-педагогикалық іскерлікті меңгеруді қамтамасыздандыру;

- студенттердің педагогикалық бағыттағы жоғары кәсіби білім саласында бүгінгі интеллектуалдық сұранысын жүзеге асыру.

Курсты оқу барысында студенттерде нақты кәсіби білім мен іскерлікті қалыптастыру көзделеді.

#### **Студенттер білуі керек:**

- оқу мен тәрбие проблемасында жалпы психологияның негізгі түсініктерін;

- әртүрлі психологиялық бағыттар мен теориялардың мазмұнын;

- психикалық процестер, бүгінгі жағдайлар мен тұлға ерекшеліктері туралы теориялық және қолданбалы ерекшеліктерді;

- педагогикалық процесте адам мен ұжымды зерттеуде қолданылатын психологиялық ғылымның негізгі әдістерін;

- адамды оқыту мен жан-жақты дамытуға байланысты кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі өзекті психологиялық феномендер мен заңдылықтардың мәнін;

- психикалық ақпаратты, жалпы психологияның негізгі категориялары мен психологиялық заңдылықтарынғылыми тұрғыда дәлелді талдауды;

- психикалық құбылыстардың мәні туралы теориялық көзқарасты кәсіби педагогикалық іс-әрекеттің практикалық салаларымен бірегей сәйкестендіруді;

- психикалық процестердің, ерекшеліктер мен жағдайлардың адамның өзін-өзі дамытумен деңгейін көтеруі және кәсіби педагогикалық жетістігі мақсатында зерттеуде психологиялық әдістерді практикалық тұрғыда пайдалануды;

- практикаға бағдарланған психологиялық білім негізінде өзінің бүкіл кешенді жалпы және арнайы педагогикалық қабілеттерін дамыту мен жетілдіруді.

Оқу курсының пререквизиттері, кореквизиттері мен постреквизиттері.

**Пререквизиттер** – жалпы орта және арнайы кәсіби орта білім беретін мемлекеттік стандарттарда қарастырылатын оқу пәндері: Биология, Өзін-өзі тану, Жалпы психология, Жас ерекшелік психологиясы және т.б.

**Кореквизиттер** – ҚР-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары кәсіби білім беру стандартында Шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы бойынша қарастырылатын оқу пәндері және студенттердің қатарласа меңгеретін пәндері: Педагогика және т.б.

**Постреквизиттер** - ҚР-ның жоғары кәсіптік білім беретін мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында осы мамандық бойынша 2-ші курста және алдағы курстарда оқытуда қарастырылатын оқу пәндері: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.

Теориялық білімдер мен кәсіби практикалық іскерліктер мен дағдыларды жүзеге асыруда болашақ кәсіби іс-әрекетке жететіндей психологиялық-педагогикалық даярлыққа қол жеткізу қажет.

## **ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

### **1 Бөлім. Психологияға кіріспе**

- 1.1 Психология пәні, міндеттері, зерттеу әдістері
- 1.2 Психиканың дамуы және сана

### **2 Бөлім. Жеке адамның іс - әрекеті мен қарым - қатынасы**

- 2.1 Іс – әрекет және қарым-қатынас
- 2.2 Жеке адам

### **3 Бөлім. Таным (психикалық) әрекеттері**

- 3.1 Зейін
- 3.2 Түйсік және қабылдау
- 3.3. Ес
- 3.4 Ойлау
- 3.5 Қиял

### **4 Бөлім. Адамның эмоциялық және ерік әрекеттері**

- 4.1 Сезім, Эмоция және Ерік
- 4.2 Темперамент және Мінез
- 4.3 Қабілет

### **5 Бөлім. Жас ерекшелік және педагогикалық психологияның жалпы мәселелері**

- 5.1 Жас және педагогикалық психологияның пәні, міндеттері мен әдістері
- 5.2 Жеке тұлғаны психикалық дамыту мен қалыптастырудың динамикасы мен заңдылықтары
- 5.3 Педагогикалық психологияның тұлға қалыптастырудағы рөлі

## ПӘН МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

Курс 2 кредитке есептелген. Жалпы көлемі 90 сағат. Оның ішінде 15 сағат – лекция, 15 сағат – семинар, 30 сағат – студенттердің оқытушылармен өзіндік жұмысы (СОӨЖ), және 30сағат – студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ), бұл осы курсты тиімді және толықтай қамтамасыз етуі керек.

Бұл бағдарлама Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің педагогика және психология кафедрасының авторлық ұжымымен жасалған.

«Адам дамуы мен психологиясы» курсы психика табиғатының қазіргі жағдайын, спецификасын, құрылымын және динамикасын түсіндіруге, сонымен қатар категориясын және ұғымдар жүйесін көрстеуге бағытталған. Зерттеу пәні – адамның субъективті ішкі әлемі, оның басқа адамдармен байланысы және қатынасы.

Адам дамуы мен психологиясы адам туралы интегративті ғылым ретінде физиологиядан кейін зерттелген. Адам дамуы мен психологиясы оқу процесін ұйымдастыру жайлы білімге сүйенеді және адамның психикалық өмірінің механизмі мен заңдылығына байланысты педагогикамен қатар жүреді, сонымен қатар психиканы жердің биосферасының биожүйесі деп қарастыратын жаратылыстану ғылымымен қатар зерттеледі. Адам дамуы мен психологиясы жайлы білім оқушының биология, химия, қоғамтану пәндерінен алған білімдерімен және социология, философия, этика ғылымдарын байланысты жүргізіледі.

Адам дамуы мен психологиясы пәні 7 бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімде қарастырылған психология пәнінің жалпы мәселелері, жеке адамның іс-әрекеті мен қарым-қатынасы, таным әрекеттері және жеке адамның эмоциялық және ерік сипаты. Психологиялық даралық өзгешеліктері жан-жақты қарастырылған.

*I бөлімде* Қазіргі психология және оның мақсат-міндеттері мен зерттеу объектісі, ғылымдар жүйесінде алатын орны, психология және табиғаттану ғылымдары мен психология және педагогика ғылымдарының байланысы, осы заманғы шетел психологиясының негізгі ағымдары, психология тарихының негізгі даму кезеңдері мен шетелдегі психологияның дамуы, Ресейдегі психология дамуындағы өзгерістер, Қазақстандағы психологияның даму жағдайы, психология ғылымының зерттеу әдістері толығымен қарастырылған.

*II бөлімде* іс-әрекет туралы түсінік, іс-әрекетпен субъектінің белсенділігі, қажеттілік белсенді әрекетінің негізі, адамдардың іс-әрекеттеріндегі бірлестігі мен қоғамдық сипаты, адам санасы мен іс-әрекеттің бірлік принципі, адамның іс-әрекетінің бірлік принципі, адамның іс-әрекетінің құрылысы, әрекеттану - адамның алдына қойған мақсат мүддесін орындауға ұмтылуы, әрекет және қимыл, адамның өз әрекетін реттеуі және оны бақылау, адамның ішкі жан тербеністері сыртқа шығып (экстериоризация), оның қимыл қозғалыстары

сөйлеуі арқылы психикалық жай – күйінің байқалуы, дағдыларды қалыптастыру және жаттығудың негізгі заңдылықтары, дағдының құрылысы, ептіліктің пайда болуы, іс-әрекет түрлері, қарым-қатынас мәселелері, топ пен ұжым психологиясы толығымен қарастырылған.

*III бөлімде* таным әрекеттерінің әр түріне, олардың жеке сапаларына, ерекшеліктеріне, заңдылықтарына толық шолу жасалынған.

*IV бөлімде* жеке адамның эмоциялық және ерік сипаты, психологиялық даралық ерекшеліктері, эмоция, сезім, ерік мәселелері, темперамент және мінездің, қабілеттің сипаттары толығымен көрсетілген.

*V бөлімде* жас ерекшелік және педагогикалық психологияның жалпы мәселелері қарастырылған. Жас және педагогикалық психология пәні және оның міндеттері және педагогикалық психологияның шығуы және дамуы туралы қысқаша тарихи мәлімет, жас дамуы психологиясының негізгі тармақтары: бастауыш мектеп жасындағы балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, ересек балалар (жасөспірім) психологиясы, педагогикалық психологияның тармақтары: тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу психологиясы, оқыту психологиясы, жалпы және кәсіптік білім беру психологиясы, ұстаздық қызмет пен мұғалімнің жеке басының психологиясы, жас дамуы мен педагогикалық психологияның жас ерекшелігі физиологиясымен, жалпы психологиямен, педагогикамен және жеке пәндерді оқыту методикасымен байланысты болуын қамтиды.

Әрбір бөлімде ұсынылып отырған тақырыптарды нәтижелі оқып-тану студенттердің өздік шығармашылық жұмыстарынсыз мүмкін болмақ емес. Соған орай бағдарламада семинар жұмыстарымен қатар шығармашылық тапсырмалар да берілген. Бағдарлама бойынша алған білімдерін тиянақтау және бекіту мақсатын көздеп, әрбір тақырып соңында бақылау сұрақтарын және тестілеу жұмыстары да енгізілді. Ол үшін негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі де қатар берілді.

Қорыта айтқанда, осы бағдарламаның негізгі көздеген мақсаты күндізгі болсын, сырттай оқу болсын адам дамуы мен психологиясы курсы бойынша оқу жүйесінің бірыңғай тұтастығын қамтамасыз ету болып табылады

## **I БӨЛІМ Психологияға кіріспе**

### **1.1 – тақырып. Психология пәні, міндеттері, зерттеу әдістері**

Психология ғылымының анықтамасы (В.Вундт, Л.С. Выготский, Б.Г. Ананьев) Психология тарихының негізгі даму кезеңдері. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде психологиялық білімнің орны. Мұғалім мен тәрбиешінің кәсіби психологиялық дайындық мәселелері. Қазіргі психология және оның мақсат-міндеттері мен әдістері, ғылымдар жүйесінде алатын орны. Психология және табиғаттану ғылымдары. Психология және педагогика. Психология ғылымының құрылысы. Осы заманғы шетел психологиясының негізгі ағымдары.

Психология салаларын топтастыру (классификациялау) принципі және



қазіргі заман психология ғылымының құрылысы. Психологияның өзге ғылымдармен "ұштас" салаларының дамып шығуы.

Психологияның негізгі зерттеу әдістері. Лабораториялық эксперимент және оның мүмкіндігі. Бақылау әдісі мен табиғи эксперимент. Анкеталарды пайдалану, интервью алу т.б. материалдарды жинастыру мен талдау тәсілдері. Ұстаздың қолы жетерлік психологиялық зерттеу әдістерін қолдана білуі.

Психологиялық зерттеулердегі диагностика қою әдістерінің проблемалары. Психологиялық тест (сынақ) және оны бағалау. Тест әдісін пайдалану тәсілдер мен ғылыми тұрғыдан талдау мүмкіншіліктері.

Психологиялық нақтылы зерттеулерде қолданылатын жеке әдістер туралы түсінік.

Психологияны зерттеген қазақстандық ғалымдар (М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, К.Б.Жарықбаев және т.б.).

**Негізгі ұғымдар:** Психология, детерминизм принципі, сана мен іс-әрекеттің тұтастығы, іс-әрекет арқылы психиканың даму принципі, қазіргі психологияның құрылысы, осы заманғы психология ғылымының мақсат-міндеттері, бақылау және эксперимент, анкеттерді пайдалану, интервью алу, психологиялық сынақ (тест), диагностика қою әдістері.

## **1.2 тақырып. Психиканың дамуы және сана**

Сыртқы шындық пен ақиқатты бейнелеу формаларының дамуы. Психиканың пайда болуы – материя дамуының (эволюциясының) жемісі. Психикалық әрекеттің талдағыштық және біріктіргіштік қызметі.

Эволюциялық теория (Ч.Дарвин). Психиканың филогенезде дамуы. Жәндіктер дүниесіндегі дамудың әртүрлі сатылардағы мінез-құлықтың түрлері: тропизмдер, инстинкт, үйрену, интеллектуалдық әрекеттер. Психиканың қызметі және мүшелердің, құрылысы. Психикалық функция және орта. Психика және нерв жүйесінің эволюциясы.

Рефлексологиялық теория (В.М.Бехтерев). Бейнелеу процесінің ең жоғарғы сатысына адамға тән саналық дәрежеге көшудің негізгі шарттары. Сананың дамып шығуындағы еңбектің ролі. Сананың қоғамдық мәні. Саналық қызметті қамтамасыз ететін ми сыңарлары қабығының дамып шығуы. Сана және тіл. Психика қызметінің даму теориясы (Л.С.Выготский).

Психиканың рефлекторлық қызметінің белсенді келуі – нерв жүйесінің, мидың қызметі. Психологиялық заңдылықтардың объективті сипаты.

Жоғары жүйке қызметінің процестері және олардың жұмыс жасау заңдары (өзара динамикалық стереотип индукциясының иррадиациясы және концентрациясы). Функционалды жүйелер (афферентті синтез, шешім қабылдай алу, әрекет акцепторы: кері байланыс).

Бірінші және екінші сигналдық жүйелер және олардың әрекеті (И.П.Павлов). Сана проблемасы (У.Джеймс, С.Л.Рубинштейн).

Сана мен психика мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** бейнелеу, тітіркену, тропизмдер, сезімталдық,

инстинкт, шартты және шартсыз рефлексстер, үйрену, интеллектуалдық әрекеттер, жануарлардың қару-құрал қолдану әрекеттері, сана.

## **II БӨЛІМ. Жеке адамның іс - әрекеті мен қарым - қатынасы**

### **2.1 тақырып. Іс – әрекет және қарым-қатынас**

Іс-әрекет туралы түсінік. Іс-әрекетпен субъектінің белсенділігі. Қажеттілік – белсенді әрекеттің негізі. Қажеттілік теориясы (А. Маслоу). Адамдардың іс-әрекеттеріндегі бірлестігі мен қоғамдық сипаты. Адам санасы мен іс-әрекеттің бірлік принципі (С.Л. Рубинштейн). Іс-әрекет теориясы (А.Н. Леонтьев). Адам ортаның әрекет иесі (С.Л.Рубинштейн). Іс-әрекет құрылымы (А.Н.Леонтьев). Адамның іс-әрекетінің құрылысы. Әрекеттену – адамның алдына қойған мақсат-мүддесін орындауға ұмтылуы. Әрекет және қимыл. Адамның өз әрекетін реттеуі және оны бақылау. Дағдыларды қалыптастыру және жаттығудың негізгі заңдылықтары. Дағдының құрылысы. Ептіліктің пайда болуы. Әдет. Адамның негізгі іс-әрекет түрлері. Ойын және оның психологиялық сипаты.

Қарым-қатынас туралы түсінік. Қарым-қатынастың сан салалары. Коммуникативті қатынас. Интерактивті (өзара ынта-ықлас) және перцептивті (тікелей сезімдік) қатынастар. Қатынас пен іс-әрекет бірлігі. Қарым-қатынастың психологиялық теориялары (Б.Г.Ананьев, А.А.Бодалев, А.Г.Ковалев, А.А.Леонтьев, Ж.Пиаже, Б.Ф. Ломов, В.Н. Мясищев, А.В. Петровский және т.б.). Сөйлеу теориялары (Л.С. Выготский, И.П.Павлов, А.А.Леонтьев, Т.Н. Ушакова).

Адам іс-әрекетін және қарым-қатынас мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** іс-әрекет, белсенділік, әрекеттену, операциялар, қажеттілік, ниет, мақсат, міндет, істі жоспарлау, интериоризация, экстериоризация, қатынас, коммуникация интерактивті, перцептивті, ұстаздық қатынас тіл, сөйлеу, сөзсіз қатынас.

### **2.2 тақырып. Жеке адам**

Жеке адам туралы психологиядағы түсінік. Жеке адамның мәні жайындағы ілім. Даралық және жеке адам. Жеке адам – адамдардың іс-әрекетінде өзара қарым-қатынасы арқылы зерттелетін субъект. Ұстаздың оқушыны тәрбие ісінде зерттеп біліп, оның жеке басының ерекшеліктерімен санасып қарым-қатынас жасауы.

Жеке адамның құрылысы. Даралық және оның құрылысы мен өзіндік ерекшеліктері. Дара адам құрылымындағы биологиялық және әлеуметтік сипаттар. Жеке адамның бойындағы әлеуметтік сапалар және жүйелі түрдегі құрылысы.

Жеке адам теориялары (К.Юнг, А.Адлер, К. Роджерс, Б.В.Зейгарник, А.Н.Леонтьев).

Жеке адамның белсенділігі. Жеке адамның әрекетшілдігі мен оның өмір тіршілігінде ұстаған жолы. Шет елдеріндегі жеке адам жайындағы теориялық көзқарастар.

Жеке адамның бағыт - бағдары. Мінезіндегі ниет-тілектері. Ниеттерінің түр-сипаты. Қызығулары. Жеке адамның сенімі мен дүниетанымы. Жеке адамның мақсат-мүддесі және оны қалыптастыру жолдары.

Жеке адамның өзіндік санасы. Баланың жеке басының дамуында “МЕН” түсінігін білуі. “МЕН” бейнесі жеке адамның өзіндік мүддесін білдіретін ұғым. Өзін-өзі бағалау және оның жеке адамның өз басын танып – білуіндегі ролі. Талпыну деңгейі. Жеке адамды психологиялық тұрғыдан қорғау және осы мәселе жөнінде психоаналитиктердің түсініктерін сынау. Жеке адамды қалыптастыру. Жеке адамды қалыптастыру туралы психология мен педагогикадағы түсініктер. Жеке адамды дамытудың қозғаушы күші.

Оқушының жеке басын зерттеу әдістері.

Жеке адам мәселесін қарастырған қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** адам, даралық, жеке адам, ерекшелік, жеке адамның белсенділігі, қызығулар мен мүдде, тіршілік позициясы, мақсат-мүдде, жеке адамның мақсаты, жеке адамның бағыт-бағдары, талпыну деңгейі, фрустрация “МЕН” бейнесі, өзін-өзі бағалау, жеке адамның мақсат-мүддесі.

### **III – БӨЛІМ. Таным (психикалық) әрекеттері**

#### **3.1 тақырып. Зейін**

Зейін туралы ұғым. Педагогика мен психологиядағы зейіннің теориялық концепциялары (Т.Рибо, Д.Н.Узнадзе, П.Я.Гальперин, Н.Ф.Добрынин және т.б.).

Зейін түрлері: ырықсыз және ырықты зейін; зейіннің бұл түрлерінің пайда болу себептерінің мән-жайы. Мектепте оқу процесіндегі зейін. Оқыту ісінде мектеп оқушылары зейінінің тұрақтануы, оны қажетті нәрселерге бағдарлап отырудың жолдары.

Зейіннің физиологиялық негіздері. Адам санасының белгілі бір объектіге шоғырлануын қамтамасыз етіп отыратын ми қызметінің механизмдері жайындағы И.П. Павлов пен А.А.Ухтомскийдің зерттеулері. Зейіннің нейропсихологиялық негіздері туралы осы заманғы түсініктер.

Зейіннің құрылысы. Зейіннің тұрақтылығы. Зейіннің ауысуы. Зейіннің бөлінуі. Зейіннің көлемі. Зейіннің зақымдалып ауытқуы және оны оқу-тәрбие істерінде реттеп түзетіп отыру. Сабақта оқушы зейінін зерттеу әдістері.

Зейінді дамыту мен қалыптастыру мәселелерін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** зейін, доминанта, нерв процестеріндегі индукция, ырықты, ырықсыз, үйреншікті зейін, тұрақтылық, бөліну, ауысу, зейіннің көлемі. Екінші дүниежүзілік соғысымен шоғырлануы, алаң болушылық.

### **3.2 тақырып. Түйсік және Қабылдау**

Түйсік туралы ұғым. Түйсікті бейнелеу теориясы тұрғысынан түсіну. Түйсіктердің рефлекторлық табиғаты. Рецепторлар мен талдағыштар. Түйсіктердің хабарларды іріктеп алуы. Түйсіктерді топтастырып бөлу. Түйсіктердің түрлері. Түйсіктердің жалпы қасиеттері. Сезгіштік және оны өлшеу. Адаптация. Синестезия. Жаттығу негізінде түйсік сапасының өрістеуі. Түйсіктердің компенсаторлық мүмкіншіліктері. Түйсік теориясы ( И.М. Сеченов, И.П. Павлов, П.А. Анохин, А.А. Бодалев).

Қабылдау туралы ұғым. Қабылдаудың зат түрде болуы, тұтастығы, құрылысы, тұрақтылығы және мәнді түрде реттелуі. Адамның бағыты мен қабылдауы. Апперцепция. Қабылдаудың іс-әрекетке тәуелділігі. Қабылдаудың объектісі мен фоны (жағдайы). Қабылдауды топтастырып бөлу. Қабылдаудың түрлері. Қабылдауда қимыл-қозғалыс әрекеттерінің ролі. Көзбен көріп қабылдаудың көлемі. Бақылау. Кеңістік пен уақытты қабылдау. Көздің алдануы (иллюзия). Бақылау және оның сәтті болу шарттары.

Түйсік және қабылдау мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** бейнелеу, түйсік, перцептивті әрекет, сапа, қарқындылық, түйсіктің ұзақтығы, кеңістікті шектеу, экстеро (сыртқы) - интеро (ішкі), және проприорецепті (бұлшық ет, сіңір, ішкі құлақ) түйсіктері, сезімталдық адаптация (бейімделу), сенсбилизация, синестазия, қабылдаудың зат түрінде болуы, тұтастығы, құрылысы, қабылдаудағы алдану, кеңістікті және уақытты қабылдау, бақылау.

### **3.3. тақырып. Ес**

Ес туралы түсінік. Ес жайындағы теориялар. Ес және адамның іс- әрекеті.

Естің физиологиялық негіздері. Естегі елестер. Естің түрлері. Ес процестері. Есте қалдыру және іс әрекет. Қысқа мерзімді есте қалдыру мен түпкілікті есте қалдыру. Оперативті есте қалдыру.

Ес теориялары (Г. Эббингауз, Р. Аткинсон, С. Норман, П.Р. Лурия, П.Я. Гальперин).

Ерікті және еріксіз есте қалдыру. Есте қалдырудың мақсаттары. Мәнісіне қарай есте қалдыру мен жаттап алып есте қалдыру. Жаттау және оны ұйымдастыру жөнінде мұғалімнің қолданатын амал-тәсілдері. Есте жаңғырту мен тану. Ерікті және еріксіз жаңғырту. Еске түсіру мен есте сақтау. Ұмыту. Ұмытудың қарқыны. Қалайда еске сақтау. Реминисценция. Ретроактивті және проактивті тежелу.

Есті дамыту мәселелерін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** Ес, есте сақтау, жаттау, есте жаңғырту, тану, арнайы есте сақтау, ұмыту, реминисценция.

### **3.4. тақырып. Ойлау**

Ойлау әрекеті – таным процесінің ең жоғарғы түрі екендігі туралы ұғым. Ойлау және жеке адам. Ойлаудың детерминация принципіне бағынуы. Ойлау

және тікелей танып білу. Психологияда ойлау процесінің зерттелуі. Ұғым. Ойлау әрекеттері. Ойлау процесіндегі талдау мен біріктіру.

Ой мен сөйлеу. Ойлау мен сөйлеудің байланысты бірлігі. Ойлаудың физиологиялық негізі. Үнсіз сөйлеу және сөйлеудегі жасырын реакцияның ойлау процесінде атқаратын рөлі. Ұғымның қалыптасуындағы сөздің маңызы. Ұғымның жасалуы – тарихи процесс.

Ойлау теориялары (Л.С. Выготский, Б. Тихомиров, П.Я. Гальперин).

Оқу процесінде ұғымдардың қалыптасу жолдары. Ойлау - әрекет. Ой әрекетінің мақсаты. Міндет және проблемді ситуация. Ойлану және міндеттерді шешу. Ой әрекетінің ықтималды құрылысы. Ойлаудың түрлері және оның өзіне тән даралық ерекшеліктері. Оқушылардың ойлануын зерттеудің әдістері.

Ойлау мәселесін қарастырған қазақстандық ғалымдар (М.Мұқанов).

**Негізгі ұғымдар:** ойлау, үнсіз сөйлеу, ұғым, талдау, біріктіру, салыстыру, жалпылау, проблемді ситуация, міндет, өзбеттілік.

### **3.5. тақырып. Қиял**

Қиял жайындағы түсінік. Қиялдың қоғамдық мәні. Қиял – адамның нақты іс-әрекетінің өзіндік бір түрі.

Қиялдың қажетті мәліметтердің тым жетімсіз кезіндегі проблемалы ситуациялардың (түйінді мәселелердің) сырын ашуда атқаратын рөлі. Қиялдың “бейнелі ой” екендігі. Қиялдың көркем туындылар мен ғылыми творчествода алатын орны. Қиял процесіндегі алдын ала бейнелеу. Қиялдың түрлері. Әрекетсіз қиял, мұң. Арман және практикалық іс-әрекет.

Қиялдың талдау мен біріктірушілік сипаты. Қиялдану кезінде бейнелерді іріктеп алып, біртұтас образ жасау амалдары.

Қиялдың физиологиялық негізі. Қиялдың дара қасиеттері.

Қиял мәселелерін қарастырған қазақстандық ғалымдар (М.Муканов).

**Негізгі ұғымдар:** қиял, алдын – ала бейнелеу, интуиция, агглютинация (жапсыру), гиперболизация, шүйілу, схемалау, типтестіру, қиял (фантазия), творчество, арман.

## **IV – БӨЛІМ. Адамның эмоциялық және ерік әрекеттері**

### **4.1. тақырып. Сезім, Ерік**

Сезім туралы ұғым. Адамның сезімі мен қажеттіліктері. Сезімнің таным әрекеттерінде және практикалық істерінде атқаратын рөлі. Сезім күйінің сигналдық және реттегіш қызметі.

Сезімді бастан кешірудің түрлері. Эмоция. Аффектер. Көңіл-күй. Стресс. Сезімнің қозғаушы күші. Адам сезімінің тарихи өмірде тәуелділігі.

Сезім теориясы (Ч. Дарвин, У. Джемс, К. Ланге, К. Иззард, Г. Селье).

Сезім және жеке адам. Жоғарғы дәрежедегі сезімдердің мазмұн-мәні. Адамгершілік сезімдері. Сүйіспеншілік – адам сезімінің аса биік дәрежедегі ұнамды көрінісі. Сезімнің түрлері. Жеткіншек жаспен жасөспірім жастық

кезендегі сүйіспеншілік сезімі.

Ақыл-ой және эстетикалық сезімдер, сезімнің бұл түрлерін мектеп оқушыларының бойында қалыптастыру. Оқушының сезімі мен эмоциясын зерттеу әдістері.

Ерік туралы түсінік. Адамның ниет қалауларының өрісі және ерікті іс-әрекеттері. Ерікті әрекеттердің негізгі сапалары. Құштарлық және ықлас-ынта. Адамның талаптануы. “Тәуекелге бел байлау – субъектінің белгілі іске қарқынды кірісуі”. “Тәуекел – деген желқайық, өтесің де кетесің” (Мәтел).

Ерік теориясы (И.С.Селиванов). Ерікті әрекет және оның құрылысы. Ерікті әрекет сатылары. Шешім қабылдау және оның психологиялық сипаты. Өз еркімен әркімнің өзін-өзі күштеуі.

Бақылауды шектеу. Жауапкершілік. Ерік сапаларын қалыптастырып отырудың жолдары. Ерікті әрекеттерді қалыптастыруда ұжымның ролі. Ерік және адамның өз еркін тәрбиелеудің міндеттері.

Сабақта оқушы еркін зерттеу әдістері.

Сезім мен эмоцияны дамыту мәселелерін және ерік сапаларын зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** сезім, эмоция, амбиваленттік (қайшы көңіл тудыру), сезімдер, мазасыздану, қуану, таңдану, ар-ұят, сезімдік ырғақ, эмоциялық күй, құмарлық, стресс, аффект, көңіл-күй, эмпатия, жоғарғы дәрежедегі сезімдер ерік, ерікті әрекет, ниеттер тартысы, шешім қабылдау, өзін-өзі күштеу, ерік сапалары, бақылауды шектеу, адамның өз еркін меңгеруі, тәуекелшілдік, жауапкершілік.

#### **4.2 тақырып. Темперамент және Мінез**

Темперамент туралы ұғым. Жеке адамның дамуындағы темпераменттің тұрақтылығы мен орнықтылығы. Темпераменттер туралы ілім, терминологиясының тарихи мәні. Темпераменттерге тән психикалық қасиеттердің ауқымы. Жеке темперамент типтері және олардың психологиялық сипаттамасы.

Темпераменттің физиологиялық негіздері. Жоғары нерв қызметінің типтері мен темперамент.

Темперамент теориясы (Гиппократ, Б.С. Теплов, В.С. Русалов).

Темпераменттердің өзгерілу проблемалары. Темперамент қасиеттерінің пайда болуына тұқым қуалаушылық арқылы берілетін факторлардың әсері. Адамның еңбектенуі мен оқу ісіндегі темпераменттің ролі. Темперамент және адамның іс-әрекетіндегі даралық өрнегі. Мектеп оқушыларының темперамент ерекшеліктерімен санаса отырып, оқу-тәрбие істерін жүргізу.

Сабақта оқушы темпераментін зерттеу әдістері (Г. Айзенг).

Мінез туралы түсінік. Мінез және адамның даралық өзгешелігі. Мінезді білу – оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасаудың шарты.

Мінездің құрылысы. Адамның мінез-құлық ерекшеліктерінің әлеуметтік ортамен өмір сүрген жағдайына байланысты келуі. Мінез қасиеттері. Мінез

сапалары.

Мінез-құлық теориялары (Г. Кречмер, И.Шелдон, А.Леонгард).

Мінез бітімі мен оның көрінісі. Мінез және темперамент. Адам мінезіндегі туа пайда болатын өзгешеліктермен жүре пайда болатын қасиеттер. Психологиядағы мінез дамуы туралы ілім. Қылық және мінездің қалыптасуы. Мінез және жағдай. Оқушы мінезін зерттеу әдістері.

Темперамент және мінез мәселесін зерттеген қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** темперамент, нерв процесінің күші, теңдігі, ширақтығы, қозғалғыштығы, құбылмалылығы, жоғары нерв қызметінің типтері, темперамент түрлері, реактивтігі, активтігі, ырғақтылығы, қаталдығы, экстраверсия, интроверсия, сезім қозғыштығы, іс-әрекеттегі даралық өрнек.

### **4.3 тақырып. Қабілет**

Қабілет жайында түсінік. Қабілет және іс-әрекет. Қабілеттің көлем және сапа жағынан сипаттамасы. Қабілеттің құрылысы. Қабілеттілікті анықтау өлшеу мәселелері. Қабілеттің компенсациялық сипаты. Қабілеттіліктің жалпы түрлері мен жеке түрлері. Творчестволық қабілеттер. Талант. Талантты дамытып қалыптастыру.

Нышан және қабілет. Қабілеттіліктің туа берілетін және жүре пайда болатын қасиеттері. Қабілеттіліктің жоғары нерв қызметінің жалпы және жеке типтеріне қатынасы.

Қабілет теориялары (Б.Ф. Гоноболин, С.Т. Теплов, Н.В. Кузьмина).

Қабілеттілікті қалыптастыру. Қабілетті дамытып отырудың оқыту әдісіне тәуелділігі. Қабілеттердің қалыптасуында ықылас – ынтаның икемділіктің алатын орны. Қабілет және еңбек. Шәкірттердің қабілетін дамытуда ұстаздармен жанұяның ролі. Қабілеттілік және оқушылардың мамандық бағдар алуындағы міндеттер.

Педагогикалық қабілет. Педагогикалық қабілет құрылымы және олардың өзара шарттылығы. Адам қабілетін зерттеу әдістері. Адам қабілетінің көрініс беру мәселесін қарастырған қазақстандық ғалымдар.

**Негізгі ұғымдар:** қабілет, нышан, талант, жоғары нерв қызметтерінің типтері, еңбек сүйгіштік, қызығу, бейімділік, мамандықты игеру, оқушылардың мамандық бағдары.

## **V-БӨЛІМ. Жас ерекшелік және педагогикалық психологияның жалпы мәселелері**

### **5.1-тақырып. Жас ерекшелік психологиясы пәні, міндеттері және зерттеу әдістері**

Жас ерекшелік психологиясы пәні және оның міндеттері. Онтогенезде тұлғаның психикасының дамуы мен қалыптасуының динамикасы мен заңдылықтары. Индивидтің тұлға болып қалыптасуының қазіргі философиялық теориялары. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде қоғамдық пайдалы іс-әрекеттер.

Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқын қалыптастыруда өзіндік сананың орны.

Жас ерекшелік психологиясының шығуы және дамуы туралы қысқаша тарихи мәлімет. (П.П. Блонский, Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, Н.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин и др.). Жас ерекшелік психологиясы мен педагогикалық психологияның бірлігі. Жас ерекшелік және педагогикалық психологияның басты мәселесі – психикалық дамудың шарттары мен қозғаушы күші.

Жас ерекшелік психологиясының зерттеу әдістері: бақылау, оның түрлері, эксперимент және оның түрлері. Сынақ (тест) әдісі. Социометрия әдісі. Анкета әдісі. Адамның психикалық дамуында мінез-құлықты анықтайтын әдістер.

**Негізгі ұғымдар:** психикалық даму, даралық сана, онтогенез, жетекші іс-әрекет, әрекеттану, интеллект (ақыл-ой), ғылыми пәннің зерттеу объектісі, әдіс, проблемды ситуация, методика, теориялық ойлау, психологиялық білім, психодиагностика.

## **5.2-тақырып. Жеке тұлғаны психикалық дамыту мен қалыптастырудың динамикасы мен заңдылықтары**

Жеке адамның психикалық дамуы мен қалыптасуы туралы ілім. Баланың психикалық дамуы мен оның жеке басының қасиеттерін қалыптастыруда оқыту мен тәрбиенің шешуші маңызы, осы істердің өзара ұштастыра жүргізілуіне тәуелді екендігі. Мектеп оқушысының психикалық даму процесінде сыртқы факторлардың (экстероризация) ішкі факторларға айналуы. Таным процесінде қоғамдық пайдалы істердің нақтылы білімінің, ептілік пен дағдының ақыл-ой әрекеттері арқылы ішкі факторларға (интериоризацияға) айналуы.

Бала психикасының біркелкі дамымау себептері. (П. Я. Гальперин и Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, Д.Б.Эльконин). Сенсорлық кемшілігі бар баланың психикалық дамуы бала психикасының дамуындағы уақытша тоқырау-оқу тәрбие істерінің салғырт жүргізілуінен. Психикалық дамуды тездету (акселерация) проблемасы. Адам психикасының дамуын кезеңдерге бөлу. Жас кезеңдеріне орай адам психикасының дамуы.

6-7 жасар балаларды мектептегі оқу мен тәлім-тәрбиеге даярлаудың басты талаптары. Оқу – бастауыш класс оқушыларының психикалық дамуындағы іс-әрекет түрлерінің жетекші саласы. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың еңбек әрекетінің психологиялық ерекшеліктері (Л.С. Выготский). Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың психологиясы (А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин). Жеткіншек жастағылардың психикалық дамуындағы әлеуметтік факторлардың жетекші роль атқарып, олардың жеке басының қалыптасуындағы ықпалы.

Ересектікке өту кезеңінің жаңа тенденциялары (Л.С.Выготский, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович, И.С.Кон, Д.И.Фельдштейн).

Жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеу істерінің психологиялық негіздері және олармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері. Оқушылардың қатар-



құрбыларымен жүргізілетін істер және олардың мақсат - мүдделерін қалыптастыру. Ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының психологиялық принциптері.

Баланың жасөспірімдік кезеңі және өзіндік ерекшеліктері. Жасөспірімнің оқу мен мамандыққа ұмытылуы. Жеке басының қоғамдық қажеттіліктері мен мүдделерінің бірлігі. 14-17 жас арасындағы жастардың ақыл-ой әрекеттерінің сыр-сипаты. Ойшылдығы, арман-қиялы, мақсат-мұраты, достық пен сүйіспеншілік сезімдері, талғамы мен қызығулары. Жасөспірім теориялары (С.Т.Холл, Э.Шпрангер, Ш.Бюлер, Э.Эриксон, К.Хорни, И.С.Кон, Д.И.Фельдштейн).

**Негізгі ұғымдар:** психикалық даму, акселерация, даралық сана, өзіндік сана, адамгершілік, өзін-өзі бағалау, жеткіншек жас, жыныстық жетілу, даралық, дүниетаным, өзіндік сана, әлеуметтік белсенділік, кәсіптік оқу әрекеті, еңбек сүйгіштік, кәсіптік бағдар, жыныс тәрбиесі, білім және әлеуметтік кемелдену.

### **5.3-тақырып. Педагогикалық психологияның тұлға қалыптасуындағы рөлі**

Тәрбие психологиясының басты міндеті жеке адамды қалыптастырудың психологиялық механизмін зерттеу. Іс-әрекет және жеке адамды қалыптастыру. Жеке адамның даму деңгейі мен оның белсенділігімен ара-қатынасы. Ниеттің негізгі мақсаты – адамның қажеттіліктерін анықтау. Оқушылардың басты ниет тілектерінің өсуі мен қалыптастыру заңдылықтары. Оқушының өзіндік ерекшелігі мен кісілік қасиеттерінің өзге адамдармен қарым-қатынасында айқын байқалуы. Жеке адамның өзіндік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық механизмдері. Адамның тұтастық құрылымының өзгеру сипаты. Оқушының мінез-құлық қасиеттеріндегі уақытша қайшылықтардың кездесуі және олардың бірізді дамымау себептері. Тәрбие ісін меңгеру мәселесі және оның психологиялық мәні. Тәрбие теориялары (З. Фрейд, А. Адлера, К. Юнга, Э. Фромма, Э. Эриксона, А. Маслоу, К. Роджерс, У. Джемс, Э.Торндайк, Л.С. Выготский).

Оқыту процесі – педагогикалық психологиядағы теориялық және қолданбалы проблема. Оқытудың танымдық және коммуникативтік моделі. Оқыту мәселесінің теориялары (Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи концепциясы, П.Я Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы, Оқытуды дамыту теориясы В.В.Давыдов, Д.Б.Эльконин, проблемалық оқыту Т.В. Кудрявцев, А.М. Матюшкин және т.б.).

Педагог – мұғалімдердің іс-әрекетіне қойылатын бүгінгі талаптар. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымы. Оқушылардың іс-әрекетінде пән мазмұнын ұйымдастырудағы психологиялық талаптар. Оқушылардың іс-әрекеттерін белгілі мәселелерді шешуге бағдарлап, оларды ұйымдастырып, жүзеге асыруына қойылатын психологиялық талаптар. Оқу әрекетінде шәкірттердің өздік іс-қимылдарын дамыту. Мұғалім қызметінің

жемісті болуын бағалап отыру өлшемі.

Мұғалімнің маңызды кәсіби тұлғалық қасиеттері. Кәсіби сапаларды қалыптастыру теориясы (Н.Д. Хмель, К.С. Успанов).

Ұстаз психологиясы және педагогикалық іс-әрекет теориясы (Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, И.А. Зимняя, Н.Д. Хмель).

**Негізгі ұғымдар:** адамның өз мінез-құлқын басқару мен өзін-өзі тәрбиелеуі, оқу және үздіксіз білім алу, оқыту және үйрету, білім және өздігінен білім алу, өзіндік ақыл-ой, оқуға ниеттілік пен ықылас, танымдық қызығулар, бейімділік пен қабілет, педагогикалық қызмет, мұғалімнің ұстаздық қызметі, ұстаздық әрекет, педагогикалық жағдай, коммуникативті (байланыс жасау) және сөйлеу қабілеттері, ұстаздық қабілет, ұстаздық шеберлік, ұстаздық қызметтің манері, ұстаздық қатынас, ұстаздық әдеп, мұғалімнің беделі.

## **СЕМИНАР (ПРАКТИКАЛЫҚ) САБАҚТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

1 тақырып. Психологиялық білімнің балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі маңызы

2 тақырып. Психикалық функциялар және орта

3 тақырып. Іс-әрекеттегі қажеттілік және мотивация

4 тақырып. Тұлға белсенділігі және оның өмірлік ұстанымы

5 тақырып. Мектептегі оқу процесіндегі зейін

6 тақырып. Теориялық түсініктегі түйсік

7 тақырып. Тұлғаның есі және іс-әрекеті

8 тақырып. Тұлға және ойлау қабілеті

9 тақырып. Қиял түрлері

10 тақырып. Ақыл ой мен эстетикалық сезім және оларды оқушыларда қалыптастыру жолдары

11 тақырып. Адам темпераментінің түрлері және мазмұндық сипаты

12 тақырып. Қабілет және іс-әрекет

13 тақырып. Қазіргі педагогикалық психологияны дамытудағы негізгі бағыттар

14 тақырып. Баланың психикасын дамытудағы қозғаушы күштер

15 тақырып. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық құрылымы

## **ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ (СӨЖ, СОӨЖ)**

1 тақырып. Сана туралы түсінік

2 тақырып. Психология ғылымының Қазақстандағы даму жолдары

3 тақырып. Дағды, икем, әдет-әрекеттің құрылымы

4 тақырып. Қарым-қатынас мәдениеті

5 тақырып. Кісілік имандылықтың басты белгісі

6 тақырып. Өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері

7 тақырып. Сөйлеудің оқыту процесінде дамуы

8 тақырып. Жоғарғы деңгейдегі сезімдер

- 9 тақырып. Ерікті тәрбиелеу
- 10 тақырып. Ұлттық мінез
- 11 тақырып. Жас ерекшелік психологиясының даму тарихы.
- 12 тақырып. Жас ерекшелік психологиясының салалары.
- 13 тақырып. Психологиядағы тұлғаның дамуы.
- 14 тақырып. Акселерацияның психикалық дамуының психологиясы.
- 15 тақырып. Баланың мектептегі оқытудағы даярлану проблемасы.
- 16 тақырып. Баланың сөйлеуді меңгеру психологиясы.
- 17 тақырып. Бастауыш сынып оқушыларының оқу іс-әрекеті.
- 18 тақырып. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу әдістерімен құралдары.
- 19 тақырып. Жас өспірімнің девиантты мінез-құлқының әлеуметті-психологиялық мәселелері.
- 20 тақырып. Жас өспірімнің деликвентті мінез-құлқының ерекшелігі.
- 21 тақырып. Жас өспірімдердің ересек сезіну психологиялық ерекшелігі.
- 22 тақырып. «Қиын» жасөспірім психологиясы.
- 23 тақырып. Жас өспірімнің өзін-өзі бағалауы.
- 24 тақырып. Жастық шақ жастағы санасезімнің даму ерекшелігі.
- 25 тақырып. Жастық шақ жастағы кәсіби қызығушылықты қалыптастыру.
- 26 тақырып. Өзін-өзі тәрбиелеу басқарудың бір формасы.
- 27 тақырып. Оқушы тұлғасын қалыптастырудағы оқытушының рөлі.
- 28 тақырып. Оқыту психологиясы.
- 29 тақырып. Оқытушы іс-әрекетіндегі педагогикалық қабілеттің рөлі.
- 30 тақырып. Оқытушының кәсіби қасиеттері.

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Негізгі әдебиеттер**

1. Намазбаева Ж.И. Психология. - Алматы, 2005.
2. Жарықбаев Қ. Жантану негіздері. - Алматы, 2004
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. – Алматы, 2005
4. Жарықбаев Қ., Саңғылбаев О. Психология. - Алматы, 2011
5. Сатиева Ш. Даму психологиясы. - Астана, 2012
6. Жұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012.
7. Ишанов П.З., Бейсенбекова Г.Б. Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері. – Қарағанды, 2012
8. Бапаева М.К. Даму психологиясы. - Алматы, 2014
9. Сәбет Бап-Баба. Психология негіздері: Оқу-анықтамалық қолданба. - Алматы: Нұр-пресс, 2007
10. Бейсенбекова Г.Б., Молдабаева Р.А., Нұрғалиева С.М., Жас ерекшелік психологиясы. – Қарағанды, 2012.
11. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. - М., 2013
12. Лавриненко В.Н. Психология и этика делового общения. Учебник для

- бакалавров. - М., 2013
13. Немов Р.С. Психология в 3-х томах. Общие основы психологии. - М., 2013
  14. Загвязинский В. И. Теории обучения и воспитания. - М., 2013
  15. Возрастная и педагогическая психология: Хрестоматия. - М.: Академия, 2010
  16. Кулагина И.Ю., Коллюцкий В.Н. Возрастная психология: Развитие человека от рождения до поздней зрелости: Учебное пособие для вузов. - М.: Юрайт, 2011
  17. Гальперин П.Я. Введение в психологию: Учеб. пособие для вузов. - 2-е изд. - М.: Кн. дом "Университет", 2000

### **Қосымша әдебиеттер**

- 1 Маклаков А.Г. Общая психология. Учебник для вузов. - М., 2013
- 2 Бордовская Н.В. Психология и педагогика. Стандарт третьего поколения. Учебник для ВУЗов. - М., 2013
- 3 Гуревич П.С. Психология. Учебник для бакалавров. - М., 2013
- 4 Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для ВУЗов. - М., 2013
- 5 Обухова Л.Ф. Возрастная психология. Учебник для вузов. - М., 2013
- 6 Хухлаева О.В. Психология развития и возрастная психология. - М., 2013
- 7 Столяренко Л.Д. Психология: Учебник для вузов. - СПб.: Лидер, 2005.
- 8 Леонтьев А.Н. Лекции по общей психологии. - М.: Смысл, 2000.
1. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. - Алматы, 1966
2. Тәжібаев Т.Т. Жалпы психология. - Алматы, 1993
3. Алдамұратов. Ә. Қызықты психология. - Алматы, 1991
4. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы, 2004
1. Жарықбаев Қ., Әбдрахманов Ә. Психология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. - Алматы, 1976
2. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. - Алматы, 1982
3. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Ред.бас. А.В. Петровский. - Алматы, 1987
4. Сәбет БАП-БАБА. Жантану негіздері. - Алматы, 2001
5. Жақыпов С.М., Бердібаева С.Қ. Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. - Алматы, 2015
6. Шерьязданова Х.Т. Учите детей общению. - Алматы, 1992
7. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. - Алматы, 2002

### **Интернет ресурстар**

1. <http://www.psy.msu.ru>
2. <http://www.psychol.ras.ru>
3. <http://www.psy.msu.ru/>

4. tarasinfo. kz
5. [http:// psychology.ru](http://psychology.ru);
6. <http://www.eurobook.ru>;
7. <http://www.schools.kz>

**Авторлық ұжым:**

Ұзақбаева С.А. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор  
Көшербаева Ғ.Н. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент  
Абилова З.Т. – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

**ТИПОВАЯ УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА**

**PRCh 1201 ПСИХОЛОГИЯ И РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА**

по специальности бакалавриата  
5В011900-Иностранный язык: два иностранных языка

2 кредита

Алматы 2017

## Предисловие

**1 РАЗРАБОТАНА И ВНЕСЕНА** Казахским университетом международных отношений и мировых языков им. Абылай хана

**2 РЕЦЕНЗЕНТЫ:** Тилеубаева М.С., доктор PhD, КазУМОиМЯ им.Абылай хана; Шерьязданова Х.К., д.психол.н., профессор КазГосЖенПУ

**3 УТВЕРЖДЕНА И ВВЕДЕНА В ДЕЙСТВИЕ** приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан № 425 от 05.07.2016 года

**4** Типовая учебная программа разработана в соответствии с Типовым учебным планом специальности бакалавриата 5В011900-Иностранный язык: два иностранных языка

**5 РАССМОТРЕНА** на заседании Республиканского Учебно-методического совета от «4» июля 2016 года. Протокол № 11

## **Содержание**

1. Пояснительная записка
2. Тематический план дисциплины
3. Содержание дисциплины
4. Список рекомендуемой литературы



## ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

Формирование личности современного человека - одна из главных задач любого государства, в решении которой видное место принадлежит будущим учителям. В их профессиональной подготовке всевозрастающее значение приобретает психологическое образование, так как настоящий учитель, помимо хорошего знания преподаваемого учебного предмета, должен еще владеть филигранной техникой педагогически целесообразного воздействия на развивающуюся личность учащегося, глубоко понимать сложнейшие психологические закономерности всестороннего совершенствования человека. Именно овладению профессионально ориентированными психологическими знаниями и умениями призван способствовать курс общей психологии, являющийся обязательным для всех студентов, обучающимся педагогическим специальностям.

Курс «Психология и развитие человека» входит в систему профессионально-педагогической подготовки учителя иностранного языка. Типовая учебная программа разработана в соответствии с ГОСО РК специальности бакалавриата 5B011900-Иностранный язык: два иностранных языка

**Цель курса:** формирование у будущих учителей иностранных языков системы психологических знаний, позволяющих им грамотно анализировать психическую реальность и использовать теоретические знания в практической профессионально-педагогической деятельности.

### **Задачи курса:**

освоение студентами систематизированных знаний наиболее общих категорий психологической науки, имеющих прямое или косвенное отношение к обучению и воспитанию учащихся, а также методов психологического исследования, потенциально необходимых в педагогической деятельности;

ознакомление с методологией и методами психологии как науки, потенциально необходимыми в педагогической деятельности;

формирование практикоориентированных психологических компетенции с целью саморазвития, повышения уровня профессиональной успешности, как в учебно-воспитательной работе с учащимися, так и в жизненно-значимых ситуациях повседневной жизни.

сформировать научно обоснованные представления о диалектической взаимосвязи и взаимообусловленности всех психических явлений и законов психологической науки;

систематизировать знания студентов о наиболее общих психологических закономерностях становления человека на различных этапах их возрастного развития;

обучить студентов методам научного исследования психологических особенностей человека и коллектива в целях грамотного составления их характеристик;

обеспечить освоение практических профессионально-педагогических умений на базе приобретенных знаний важнейших аспектов возрастной и педагогической психологии, необходимых для личностного саморазвития и достижения профессиональной успешности в учебно-воспитательной работе с учащимися.

реализация современных интеллектуальных запросов студентов в сфере высшего профессионального образования педагогического направления.

В ходе изучения курса предполагается формирование у студентов определенных профессиональных знаний и умений.

**Студенты должны знать:**

- фундаментальные понятия общей психологии, непосредственно относящиеся к проблемам обучения и воспитания;
- содержание различных психологических направлений и теорий;
- современные психологические теории и прикладные исследования о психических процессах, состояниях и личностных особенностях;
- основные методы психологической науки, используемых при изучении человека и коллектива в педагогическом процессе;
- сущность психологических феноменов и закономерностей, актуальных в профессиональной педагогической деятельности по обучению и всестороннему развитию человека.

научно обоснованно анализировать психическую реальность, основные категории общей психологии и психологические закономерности;

адекватно соотносить теоретические представления о сущности психических явлений с практическими аспектами профессиональной педагогической деятельности;

практически использовать психологические методы исследования психических процессов, свойств и состояний в целях саморазвития и повышения уровня человека и профессионально-педагогической успешности;

на основе практикоориентированных психологических знаний развивать и совершенствовать весь комплекс своих общих и специальных педагогических способностей.

Пререквизиты, кореквизиты и постреквизиты учебного курса.

*Пререквизиты* - учебные предметы, предусмотренные Государственными стандартами среднего общего, специального и среднего профессионального образования: Биология, Самопознание, Человек Общая психология, Возрастная психология и др.

*Кореквизиты* - учебные дисциплины, предусмотренные Государственным общеобязательным стандартом высшего профессионального образования Республики Казахстан по специальности «Иностранный язык: два иностранных языка» и изучаемые студентами параллельно: Педагогика и др.

*Постреквизиты* - учебные дисциплины, предусмотренные Государственным общеобязательным стандартом высшего профессионального образования Республики Казахстан по данной специальности, и которые будут

изучаться во 2-ом семестре и на последующих курсах обучения: теория и методика воспитательной работы и др.

При реализации искомых теоретических знаний, а также практических профессиональных умений и навыков, следует ожидать достаточный уровень психолого-педагогической подготовленности к будущей профессиональной деятельности.

## **ТЕМАТИЧЕСКИЙ ПЛАН ДИСЦИПЛИНЫ**

### **Раздел 1. Введение в психологию**

- 1.1. Предмет, задачи и методы психологии
- 1.2. Особенности развитие психики и сознания

### **Раздел 2. Личность в деятельности и общении**

- 2.1. Деятельность и Общение
- 2.2. Психология личности

### **Раздел 3. Психические (познавательные) процессы**

- 3.1. Внимание
- 3.2. Ощущение и Восприятие
- 3.3. Память
- 3.4. Мышление
- 3.5. Воображение

### **Раздел 4. Эмоционально-волевая сфера и индивидуально-психологические особенности личности.**

- 4.1. Чувства, Воля
- 4.2. Темперамент и Характер
- 4.3. Способности

### **Раздел 5. Общие вопросы психологии развития и педагогической психологии**

- 5.1. Предмет психологии развития
- 5.2. Закономерности и динамика психического развития и формирование личности учащихся
- 5.3. Роль педагогической психологии в формировании личности

## СОДЕРЖАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ

### Введение

Курс рассчитан на 2 кредита общим объемом 90 часа, из них: 15 ч.- аудиторных занятий, 15ч – семинарских, 30ч.- самостоятельная работа студентов с преподавателем (СРСП) и 30 ч. – самостоятельной работы студентов (СРС), что должно обеспечить рациональное и полноценное освоение предлагаемого курса.

